

А.Т. Акажанова

Психология ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Андатпа. Мақалада жазушылық, ақындық, аудармашылық дарындылығымен бүкіл қазақ қауымына белгілі Жүсіпбек Аймауытұлының педагогикалық-психологиялық шығармашылығы сипатталған. Ғылыми талаптарға сай құрастырылған «Психология» мен «Жан жүйесі және өнер таңдау» атты құнарлы еңбектері қарастырылып, қысқаша талданған. XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қажеттілік тудырған осы кітаптардың қазіргі заманауи психология тарихына үлес қосқаны, өзектілігі айқын баяндалған.

Кіріспе. Жүсіпбек Аймауытұлы (1889 – 1931 жж.) – XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы кұғын-сүргін, зорлық-зомбылықтың құрбаны. Ол аса ірі тұлғалардың қатарында белгілі орынға ие, ұлттық әдебиетіміздің көшбасшыларының бірі, қоғам қайраткері. Бүкіл қазақ қауымына Жүсіпбек Аймауытұлы өзінің жазушылық, ақын-аудармашылық, публицистік еңбектерімен белгілі. Сонымен қатар Ж. Аймауытұлы алғашқы педагогика және психология мәселелеріне арналған оқулықтар мен мақалалардың да авторы.

Астан-кестен тарихи ауыр кезеңде өмір сүрген Жүсіпбек Аймауытұлы артында оқу-ағарту мәселелеріне қатысты бағалы және маңызды педагогикалық-психологиялық ғылыми мұра қалдырып үлгерді. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп, жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеп жазған «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) атты елеулі кітаптары мен оқу құралдары кезінде ерекше рөл атқарды.

Әдістеме. Бүгінгі күні Аймауытұлы Жүсіпбектің 1926 жылы араб әрпімен алдымен Қызылордада, содан соң Ташкентте теріліп, басылып шыққан «Психология» деп аталатын тұңғыш педагогикалық-психологиялық ғылыми еңбегі ерекше бағаланады. Автор қазақ ортасындағы мұғалімдердің, халық ағарту саласы қызметкерлерінің, жалпы оқырман қауымның психология, педагогика пәндері бойынша өз білімдерін көтеруге ұмтылған талаптарына көмектесуді мақсат етті. Оқулық түрінде жазылғандықтан, бұл кітапта жалпы психологияның жүйесі баяндалады, педагогикалық психологияның мәселелері талданады; психологиялық зерттеулер жүргізудің әдістемесі беріледі, физиолог И.П. Павловтың жоғары нерв қызметі мен сананың пайда болып дамуы туралы ілімнің негіздері түсіндіріледі. Сөз бен ұғым, ойлау мен сөйлеу, адам психикасы мен жағырапиялық орта, психология мен имандылық қасиеттері арасындағы байланыстар талданып, этникалық психология мәселелері (тіл мен мәдениет, салт-сана мен дәстүр, фольклор мен өнер) және олардың адам психикасына әсері сөз болады. Сондай-ақ, автор әлеуметтік психологияның жекелеген мәселелеріне (топ, ұжым, тобыр, халық, қоғам ұғымдарына) да тоқталып, жеке тұлғаның танымдық процесіне талдау жасайды [1, 205-282].

Нәтижелер. Ж. Аймауытұлының «Психологиясының» қазақ тіліндегі алғашқы жүйелі оқулық екені өз алдына, сонымен бірге мұнда қазіргі педагогтар мен психологтар үшін де пайдалы ойлар көп. Мысалға, автордың оқыту процесінде шәкіртердің белсенділігін арттырмайынша, қалаған нәтижеге жете алмайсың деп, ынталандыру мен

қызықтыру әдістеріне ерекше мән беруі бүгінгі күнгі «жаңа технологияларымызбен» үндесіп жатқандай.

Сондай-ақ, осы еңбегінде жеке адамның бір шарты ретінде биологиялық фактордың мәніне ерекше тоқталады. Мұғалім әр баланың туа біткен ерекшеліктерді ескеріп, оған не нәрсенің күшті әсер ететінін алдын ала біліп отырғанда ғана тәрбие жұмысының нәтижелі болатынын дәлелдейді.

Бұл еңбекте жалпы психология мәселелеріне қатысты өте маңызды және мазмұнды деректер орын алады. Мысалы, «жан» ұғымының пәлсапа тарихы қалай пайда болғаны, ондағы діннің «жан бар, жан ажалсыз» деген пікірдің орын алуы; психология ғылымының пәні, зерттеу объектісін анықтауы; адам қылығын зертеудегі негізгі әдістерді қолдану мақсаттары (тәжірибелік бақылау, әңгімелесу, сауалнама); бақылағанды қалайша жинақтап жазу керектігін қамтыған. Бүгінгі күні психологиялық зерттеулерде математиканы қолдана білу өзекті мәселеге айналса, ХХ ғасырдың алғашқы жылдары ең тұңғыш ізденуші ғалым Ж.Аймауытұлы бұған маңызды түрде ерекше көңіл аударған. Оның дәлелі әртүрлі (хроноскоп, гимограф, спигимограф, пневмограф) жәйлі аспаптарға түсінік беріп, пайдалану жолдарын көрсете білген. Тірі заттардың қылықтарын салыстырып (қозғыштық, серпілу, тропизм, инстинкт, рефлекс); негізгі соқыр сезімдердің айырмашылықтары (тамақтану, балалау, соқтығу, жасқану, еліктеу) мен қоғам орайластығын баяндай келе ғалым зерттеуші: «қойды, маймылды, адамды алсақ – бәрі де сол төңіректің түрлі қозғалыстарын қайталайды» деген қортынды пікірге келеді [2, 97-101].

Автор адамның дене мүшелері, олардың физиологиялық қызметіне, жүйке салаларының (ми, нейрон, шілтер, неврит, дендрит) саңылау мүшелеріне кең түрде тоқталған. Мұнда физиолог И.П.Павловтың жоғары нерв қызметімен, сананың пайда болып дамуы туралы ілімнің негіздері түсіндіріледі; неміс ғалымы Гельмгольцтың үш түрлі түйсіктерді айыратын элементтердің бар екендігін баяндайды; түске соқырлық (дальтонизм) және сезім мүшелерінің негізгі қызметімен олардың көңілге деген әсерін «дене сезімі – тіршілік сезімі» деп айта келе, Ж.Аймауытұлы айқын мысалдар келтіреді [3, 135].

Кісінің қылығын қимылынан байқауға жәрдемдесетін психология ғылымы екендігін ғалым саңлау мүшелері қызметі арқылы байқатып: бет қимылы, ымдасу, көз әлпеті, ауыздың құбылуы, сыртқы және ішкі құбылыстардың алуан түрлі сезімдерді байқауға болатындығын, автор мысалдар арқылы дәлелдей білген. Бұл жәйіттер қазіргі кезде қолданылып жүрген дене терапиясымен сәйкестенеді деп айтуымызға болады.

Тәрбиелік жағынан психологиялық-педагогикалық пәлсапасындағы автордың маңызды мәселесінің бірі «әдеп». Әдептенудің жекелеген (салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, жон-жосық т.б.) қысқаша мағлұматтар беріп, ондағы көрініс беретін жағымды (шыдамдылық, қанағаттылық, батылдық т.б) және жағымсыз (шылым шегу, насыбай ату, арақ, апиын ішу т.б) жақтарын баяндап «әдет – адамның екінші табиғаты» екендігін атақты адамдардың өмірінен алынған мысалдармен (Шекспир, Дарвин т.б.) дәлелдейді. Осыған байланысты: «әдептілік қасиеттерді бойына дарытам десең, ең алдымен ақыл парасатқа мән беру қажет» - деп автор қорытынды ойын тәптештейді [4, 133-136].

Қамтылып отырған жалпы психологияның психикалық құбылыстарын түсіндіру әдіснамалық (методологиялық) негіз ретінде алынып отыр. Жүсіпбек Аймауытұлы оқырмандарға түс және түс көру сияқты психикалық құбылыстың мәніне ғылыми тұрғыдан түсінік беріп, әрекет пен әдеттің психологиялық негіздерін зерделейді.

Талдау. Психологиялық тұрғыда маңызы жойылмайтын «Жан жүйесі және өнер тандау» атты еңбек дер едім. Бұл еңбек 1926 жылы Мәскеуден арап әрпімен жеке кітап болып, 3000 данамен басылып шыққан. Автор кітабын тікелей мектеп мұғалімдеріне, халық ағарту саласының қызметкерлеріне арнайды. Бұл еңбекте бұрынғы одақтық және шетелдік зерттеушілер жүргізген тәжірибе қорытындылары мол пайдаланылады.

Автордың аталмыш еңбегіндегі негізгі көтерген мәселесі – қазақ жастарының әлеуметтік ортада өздеріне лайықты орнын таба білуге жол көрсету. Ж. Аймауытов осы туындысына эпиграф ретінде ұлы Абайдың «Неге бейім болсаң, соны істе!» деген сөздерін алған. Алғашында жәй сөз болып естілсе де, бұл сөздің мағыналық астарында қоғамға қатысы бар, адам үшін маңызы терең мәселе жатыр. Істі дұрыс шешу барысында ғылыми зерттеу жолын пайдалану керек деп айта келе, ғалым ойын былай жалғастырады: «Неғұрлым қоғамның әр мүшесінің еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрмысы да оңалмақ... Әр адамның еңбегі қай уақытта жемісті болмақ? – деген сұрақ қоя отырып, мынадай жауап қайтарады: әркім өз орнында қызмет істегенде. Олай болса бұл маңызды мәселе», - деп тұжырымға келеді педагог-психолог [4, 85-87].

Жүсіпбек Аймауытұлының негізгі идеясы – әр адам кәсіптің белгілі бір түрін таңдап алар кезде өз мүмкіндігін, өзінің қай кәсіпке бейім екенін білуі қажет, сонда ғана ол қоғамға көп пайда келтіреді деген өзекті ой кітаптың өн бойына арқау болған.

Адам бойындағы ерекше қабілет, кәсіптің белгілі бір саласына бейімділік іштен туа бітпе, текке (генге) байланысты қасиет пе, әлде бұл тәрбиенің жемісі ме? Міне, бұл сұрақ психологтардың және әр саладағы ғалымдардың арасында тартыс туғызып келеді. Ал Ж. Аймауытұлы болса, бұқара іс-әрекеттері дәріптеліп, дара талант ұғымы көмескіленген сол кез үшін батыл да қатерлі көзқарасқа ден қояды. Автор жеке адамға табиғат сыйлаған қасиеттер мен қабілет бастаулары бар индивид ретінде қарап, іштен туа біткен қабілетке көп мән береді. «Жазушылық, ақындық сүйекке бітетін өнер, – деп жазады автор, қанша машықтанса да, кім болса сол, жазушы бола алмайды, кемелдікке жете алмайды [4, 305-309].

Сондықтан Жүсіпбек Аймауытұлы психология ғылымының міндеті – жеке тұлғалардың өзіне тән ерекшеліктерін зерттеп, олардың сол қасиеттеріне сай саналы түрде нақтылы кәсіпке баулауға мүмкіндік беретін қабілеттерін дамыту керек деп есептейді. Деректер бойынша, 1909 жылы Ж. Аймауытұлы медресенің математика пәнін оқитын шәкірттері арасында анкета таратып, зерттеу жүргізген. Саулнамаға берілген жауаптардың байқатқаны: шәкірттердің бір бөлігі өздері таңдаған кәсіпке немқұрайдылығын байқатқан. Осыған байланысты ағартушы педагог-психолог «Жан жүйесі және өнер таңдау» атты еңбекті құрастыруға бел байлаған.

Кітапқа материал жинау барысында психология ғылымының жеке адам үшін де, тұтас қоғам үшін де тигізетін пайдасын терең түсінген автор қазақ жастарына тәлім берерлік ғылыми-тәжірибелік мағлұматтарды мол қамтуға ұмтылады. Мысалға, еңбектің он сегізінші тарауында неміс психологы, психотехниканың негізін салушы Гуго Мюнстербергтің (1863-1916) тәжірибелерінің нәтижелерін пайдаланады, телефоншы қыздар мен трамвай жүргізушілердің қабілеттерін анықтау үшін арнаулы аспаптарды және өзі ойлап тапқан күрделі құралдарды іске қосады. Сондай-ақ, американ психологы, әлеуметтік психологияның негізін салушылардың бірі Джеймс Марк Болдуин (1861-1934) жүргізген тәжірибе жұмыстарынан нақтылы мысалдар келтіріледі. Ғалым бақылауға алған балалардың бірі – қозғалғыш, ұшқалақ, екіншісі – ұстамды, салмақты. Олардың әртүрлі жағдайдағы іс-әрекеттерін бақылау, талдау арқылы дәлелдеген американ ғалымының ойларын мысалға ала отырып, Жүсіпбек әр адамның өз тәбиғатына тән жұмысты жанын сала жақсы орындайтынын айтады.

Демек, жиырмасыншы жылдардың өзінде-ақ Ж. Аймауытұлы белгілі бір мамандыққа психофизиологиялық қасиеттері бойынша сай келетін үміткерлерді іріктеп баулаудың қажеттілігін түсініп, күн тәртібіне қойған.

Ғылыми еңбектің он алтыншы тарауында автор Бастон қаласында американ ғалымы профессор Ф. Парсонстың жетекшілігімен кәсіби бағдар беру ұйымы құрылғанын (1908) баяндайды. Бұл ұйымның кеңесіне мектеп басшылары, мұғалімдер, зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне мүдделі әртүрлі қоғамдардың өкілдері енген. Балалардың және олардың ата-аналарының қатысуымен жүргізілген тәжірибе жұмыстарын (бір үлгідегі сұраққа жауап алу немесе тест, анкета тарату, әңгімелесу) оларды жақсы білетін,

жақын араласатын мұғалімдердің көмегімен жүзеге асырылады. Алынған мағлұматтарды салыстырып, математикалық талдаудан өткізген соң, зерттеушілер әр баланың жеке қасиеттері қай кәсіпке сай екенін көрсетіп береді. Бұл жағдай ол баланың өзінің де, оның ата-анасының да міндетін жеңілдетіп, болашақта өз қабілетіне лайық қандай мамандықты таңдап алуға болатынын анықтауға көмектесті.

Көп ұзамай, Англия, Германия, Шотландия психологтары қуаттап әкеткен мұндай тәжірибелік әдіс іле-шала балалар мен жасөспірімдерді әртүрлі оқу орындарына іріктеп алу, әскери құрамаларды жасақтау, өнеркәсіп салаларын кадрлармен қамтамасыз ету істерінде таптырмас оңтайлы әрі тиімді құралға айналды.

Бір үлгідегі сұраққа жауап алу (тест) біздің елімізде де БКП (б) Орталық Комитетінің 1936 жылғы 4 шілдедегі «Наркомпростар жүйесіндегі педологиялық бұрмалаулар туралы» деп аталатын қаулысы шыққанға дейін кең қолданылған. Амал не, бұл қаулы шыққан күннен бастап, ғылыми негізделген, АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде жиі қолданылып жүрген үлгілердің өзін психологиялық, социологиялық зерттеулерде пайдалануға кедергі қойылды. Тек кейінен нәтижелігі мен сенімділігі сан мәрте тексерілген тест (сауалнама) әдісі қайтадан қолданыла бастады. Осы жағдайдың өзі-ақ Ж. Аймауытұлының «Жан жүйесі және өнер таңдау» деп аталатын еңбегінде көрнекті шетел психологтары Джеймстің, Мюнстербергтің, Штерннің т.б. жасаған тәжірибелеріне сілтеме жасай отырып айтқан ойларының күні бүгінге дейін маңызын жоймағандығын байқатады.

Талданып отырған еңбектегі назар аударатын құнды пікірлерінің бірі: басшының адамдармен жұмыс істей білуге қажетті қасиеттерін саралаған тұстарында жатыр (оныншы тарау). Автор әскери командирдің кәсіби қызметіне терең де еңжей-теңжейлі тоқтала отырып, оның жеке басына қажетті қасиеттерді санамалап айту арқылы жалпы ұжымның немесе топтың басшысы болуға тиісті адамдардың мінез-құлқына қойылатын психологиялық талаптар мәселелерін қосқан. Егер басшы мен ұжым арасындағы психологиялық қарым-қатынас проблемасын біздің психологтарымыз соңғы жылдары ғана қолға алып, зерделеп зерттей бастағанын ескерсек, Жүсіпбек Аймауытұлының ғылыми ойының ұшқырлығына таңқалмауға мүмкін емес.

Қорытынды. Қорыта келгенде, өз заманындағы ғылыми жаңалықтардан жан-жақты хабардар, халықтың әдеп-ғұрпы мен психологиясын, ел арасындағы оқу-ағарту ісінің мән-жайын жақсы білетін автордың еңбектеріндегі талданған күрделі мәселелер күні бүгінге дейін ғылыми-танымдық маңызын жоғалтқан жоқ. Өкінішке орай, Аймауытұлының ұшқыр ойын, ғылыми шындыққа деген адалдығын, өмір материалдарын қоспасыз саралауын сол кездегі идеологтар қабылдай алмады. Мысалы, «Советская степь» газетінің 1928 жылғы 20 қаңтардығы санында басылған «Бір оқулық туралы» деген мақалада А. Михайлов деген біреу Ж. Аймауытұлының «Психологиясынан» ұлтшылдық пен идеализмнің сарынын байқап, автордың өзін «ғылымдағы есек» деп балағаттайды [5, 85-87].

«Бәріне – уақыт таразы» демей ме халық, міне, аз ғұмырында ғажайып біліктілікпен талданған Ж.Аймауытұлың мол мұрасы оқырмандар арасында кең жайылып, бүгінгі ұрпаққа психология тарихының дамуына, педагогикалық-психологиялық білімдердің тереңдеуіне өз үлесін қосуда.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Қазақтың психологиялық ой-пікірлері. – 10 том. – Алматы, 2006.
- [2] Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-т. – Алматы, 1998.
- [3] Жарикбаев К.Б. Психологическая наука Казахстана в XX веке. – Алматы, 2006.
- [4] Аймауытұлы Жүсіпбек. Психология. – Алматы, 1995.
- [5] Акажанова А.Т. Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, беталысы. Оқу құралы. – Алматы, 2011.

REFERENCES

- [1] Psihologia. Adamzat aqyl-oiynyn qazynasy. 10 tomduq: Qazaqtyn psihologialyq oi-pikirleri. – 10 tom. – Almaty, 2006.

- [2] Aimauytov J. Bes tomdyq sygarmalar jinagy. 4-t. – Almaty, 1998.
[3] Jarikbaev K.B. Psihologicheskaia nauka Kazahstana v HH veke. – Almaty, 2006.
[4] Aimauytūly Jusipbek. Psiqologia. – Almaty, 1995.
[5] Akajanova A.T. Qazirgi psihologia tarihnyn damuy, jagdaiy, betalysy. Oqu quraly. – Almaty, 2011.

ВКЛАД ЖУСИПБЕКА АЙМАУЫТОВА В ПСИХОЛОГИЧЕСКУЮ НАУКУ

Резюме

Статья раскрывает значимость психолого-педагогического наследия талантливого, известного для казахстанской общественности писателя, поэта, переводчика Ж. Аймауытова, анализируются его научные книги «Психология» и «Психология и выбор профессии», внесшие значительный вклад в историю становления и развития современной психологической науки Казахстана.

JUSIPBEK AYMAUYTOV'S CONTRIBUTION TO PSYCHOLOGICAL SCIENCE

Summary

The article reveals the importance of psychological and pedagogical legacy of talented, well-known for the Kazakh public writer, poet, translator Zh.Aimauytov, analyzes his scientific book "Psychology" and "Psychology and the choice of occupation," have made a significant contribution to the history of formation and development of modern psychological science of Kazakhstan.